

## Қостанай облысындағы 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өңірлік бағдарламасын бекіту туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 313 шешімі. Қостанай облысы әділет департаментінде 2006 жылғы 18 мамырда N 3548 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 96 Қаулысымен бекітілген 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрестің Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес:

### Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп).

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жүргізу облыстық мәслихаттың заң, құқықтық тәртіп және қоғамдық бірлестіктермен байланыс жасау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Комиссия облыстық мәслихаты  
кезекті, он үшінші сессиясының  
төрағасы, Қостанай облыстық*

*мәслихатының хатшысы*

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 6                      ж ы л ғ ы                      2 6                      с ә у і р д е г і

N 313 шешіміне қосымша

**Қостанай облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы**

**Қостанай қаласы, 2006 жыл**

**Мазмұны**

1. Бағдарламаның паспорты

2. К і р і с п е

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

1) Азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін  
с ы б а й л а с

жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету

2) Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру  
 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нысандарын, әдістерін және құралдарын

оңтайландыру

4) Азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау

5) қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастығын кеңейту және жандандыру

6) Бағдарламаны іске асыру тетігі

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

### 1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Қостанай облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1686 Жарлығымен бекітілген 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары
Бағдарламаның үйлестірушісі	Облыс әкімі аппаратының мемлекеттік - құқықтық бөлімі
Негізгі әзірлеушілер	Қостанай облысының прокуратурасы, Қостанай облысының ішкі істер департаменті, Қостанай облысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті, Қостанай облысының кедендік бақылау департаменті, Қостанай облысы бойынша экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы), Қостанай облысының қаржы департаменті, Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің Қостанай облысы бойынша қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу басқармасы, Қостанай облысының тарифтер басқармасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің қостанай облысы бойынша басқармасы, қостанай облысының ішкі саясат департаменті, Облыстық салық комитеті, Қостанай облысы бойынша қазыналық департаменті, Қостанай облысының әділет департаменті, қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот әкімшілігі комитетінің қостанай облысының соттар әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнаулы есеп комитетінің қостанай облысы бойынша басқармасы.
Мақсаты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде деңгейін төмендетуге бағытталған тиімді жұмысты жүргізу; мемлекеттік органдардың, лауазымдық тұлғалардың және мемлекеттік қызметті атқаратын басқа да адамдардың, сондай-ақ оған теңдес адамдардың қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету және бақылау; мемлекеттік құрылымдарға қоғамның сенімін нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауда мемлекеттік органдардың лауазымдық тұлғаларының жауапкершілігін арттыру.
Міндеттері	

	<p>Азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нысандарын, әдістерін және құралдарын оңтайландыру;</p> <p>азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау және іске асыруда бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатқа халықтың қатысуын қамтамасыз ету.</p>
Іске асыру мерзімі	<p>2 0 0 6 - 2 0 1 0 жылдар</p> <p>1 - кезең: 2 0 0 6 - 2 0 0 8 жылдар,</p> <p>2-кезең: 2009-2010 жылдар</p>
Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері	<p>Қаржы шығындарын қажет ететін бағдарламаның іс-шараларын іске асыру әр мемлекеттік органға тиісті жылға бөлінген сомасы шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты болып табылады</p>
Күтілетін нәтижелер	<p>Бағдарламаның кезең-кезеңмен іске асырылуы мыналарды:</p> <p>бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар):</p> <p>облысымызда әлеуметтік және саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтуды; мемлекеттік басқару органдарының рұқсат беру және әкімшілік өкілеттіктерін оңтайландыруды;</p> <p>азаматтық қоғамның мемлекеттік билікке сенімінің артуын;</p> <p>азаматтардың сыбайлас жемқорлықтан қорғаушылық деңгейін арттыруды; қоғам мен билік, бизнес пен билік арасындағы диалогты кеңейтуді және тереңдетуді; сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратқа билік органдарының және лауазымды тұлғалардың міндетті түрде жедел ден қоюын;</p> <p>қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті танымал етуді одан әрі дамытуды; көлеңкелі экономиканың ауқымын қысқартуды; екінші кезеңде (2009-2010 жылдар):</p> <p>сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізуде үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар және қоғамдық бірлестіктер белсенділігінің өсуін;</p> <p>экономиканың одан әрі өсуі және инвестициялық ахуалды жақсарту үшін жағдай жасауды;</p> <p>сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді;</p> <p>мемлекеттің халықаралық аренадағы беделін нығайтуды қамтамасыз етеді.</p>

## 2. Кіріспе

Облыстың мемлекеттік органдары сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататынын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететіндігін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретінін сезінеді.

Сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңдағы ең үлкен проблема, одан әлемдегі ешқандай ел және ешқандай саяси жүйе құтылып көрген жоқ. Сыбайлас жемқорлықты азаматтар мен бүкіл қоғам төлеп отырған қылмыстық салық деп атауға да болады.

Сыбайлас жемқорлық демократияның дамуына және біздің еліміздегі өтіп жатқан реформаларға қарсы әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табысқа тек барлық деңгейдегі мемлекеттік

органдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдардың басын қосу арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдаланып өзара іс-қимылды жолға қою мен нығайту арқылы жетуге болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1686 Жарлығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 2006 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 10.25-тармағын іске асыруға бағытталған.

Іс-қимылдарды қайталауды болдырмау және еңбек пен қаржы ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында бұл бағдарлама қостанай облысының 2005 - 2007 жылдарға арналған құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес бағдарламасымен үйлестірілген.

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі қағидаттарды сақтай отырып ұйымдастырушылық, кешенді алдын ала іс-шараларды әзірлеуді және орындауды қарастырады:

пәрменділік және нәтижелік,  
іске асыруылушылық (орындаушылық),  
атаулылық (жауапкершілік),  
сабақтастық,  
тұрақтылық,  
кешенділік,

жүйелілік.

### **3. Облыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қазіргі жай-күйін талдау**

Елімізде өткен кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу үшін заңнамалық база құрылды және республикамызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

Облыста сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нәтижесіне баға бере отырып, соңғы жылдары мемлекеттік органдардың жұмыстарында белсенділік байқалатынын

2005 жылы қылмыстық тексеру органдарында барлығы 146 сыбайлас жемқорлықтық қылмыс туралы іс болды (өткен жылғы істерді қоса есептегенде). Өндіріске алған істерден өткен жылы 120 сыбайлас жемқорлық қылмыс іс қозғалып, тіркелді немесе бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 41,0 % көп. Мемлекеттік құрылымның басқа қызметшілеріне қатысты - 85, ішкі істер органы қызметшілеріне қатысты - 16, әкімдерге - 9, сот атқарушыларына - 4, өртке қарсы мемлекеттік қызметкерлеріне қатысты - 2 іс және бір-бірден қаржы полициясы, кеден органы, салық және әділет органы қызметкерлеріне қатысты іс қозғалды. 107 сыбайлас жемқорлық қылмыс бойынша өндіріс аяқталып, 98 іс сотқа жіберілді. Олардың ішінде 17 іс - қарамағындағы тапсырылған мүлікті талан-таражға салғаны үшін, 11 іс - қызмет бабын өз мүддесі үшін пайдаланған, 7- берілген билік пен лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланған, 14 - пара алған, 10 - пара берген, 39 іс - қызметтік жалғандық жасағаны үшін айыптайды. Ақтау негізінде 9 қылмыстық іс тоқтатылған. Өткен жылғы айыптау үкімдерін талдаған кезде сотталған 38 адамның, оның ішінде: өзіне сеніп тапсырылған мүлікті ұрлағаны үшін - 6, қызмет бабын өз мүддесіне пайдаланғаны үшін - 9, берілген билік пен лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдаланғаны үшін - 2, пара алғаны үшін - 7, пара бергені үшін - 10, қызметтік жалғандық жасағаны үшін 3 адам сотталғаны анықталды. Сотталғандардың ішінде: ішкі істер департаментінен - 5 адам, әділет органынан - 1, экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінен (қаржы полициясы) - 1, кедендік бақылау департаментінен -1, Сот әкімшілігі комитетінің соттар әкімшілігінен - 3, өртке қарсы мемлекеттік қызмет органынан - 3, әкімдерден - 1 және басқа мемлекеттік қызметшілерден 11 адам бар.

Өткен кезеңде сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс жасаған 76 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Құқық қорғау органдарының шұғыл тексеру жүргізу мүмкіндіктерінің толық пайдаланбайтынын айтпауға болмайды, олар төменгі деңгейдегі қылмыстарды анықтап, жоғарғы деңгейдегі құқық бұзушыларды анықтауға қолдары тимейді.

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықпен күрес қарапайым қылмыстарды ашумен ғана шектеледі, терең талдап, ізденіс жұмыстарын қажет ететін істер қозғалмайды.

Өткен жылы облыстың Тәртіптік кеңесі 7 рет отырысын жүргізді. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қалалар мен аудандар әкімдерінің орынбасарларының, басқармалар мен департаменттердің басшыларының есептері тыңдалды. 31 мемлекеттік қызметшіге қатысты тәртіптік іс қаралды. Тәртіптік кеңес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет агенттігінің Қостанай облысы бойынша басқармасының қарамағына енгізілгеннен кейін 3 отырыс өткізді. Мұнда 10 мемлекеттік қызметшіге қатысты тәртіптік іс қаралды. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаушылардың есебі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика мен арнаулы есеп комитетінің қостанай облысы бойынша басқармасының

автоматтандырылған деректер банкінде тіркелген.

Мемлекеттік қызметшілер бос лауазымдық орынға конкурстық іріктеу арқылы тағайындалады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет агенттігінің Қостанай облысы бойынша агенттігі конкурсқа қатысушыларды тестілеуді өткізеді. Өткен жылы облыстың мемлекеттік органдары аттестация комиссияларының ұсынысы бойынша резервке 266 адам қойылды, олардың 149 -і жұмысқа орналастырылды. 139 тексеру жүргізілді, мұның бәрі азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің арыздары мен өтініштері бойынша. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы және мемлекеттік қызмет туралы заңдарды 295 бұзушы анықталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері облыстық әкімдіктің, сондай-ақ облыс әкімдігі жанындағы қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі облыстық кеңестің және облыс прокурорының жанындағы құқық қорғау органдарының үйлестіру кеңесінің отырыстарында қаралады.

Сыбайлас жемқорлыққа күрес саласында халықаралық ынтымақтастық та дамып келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша Ресей Федерациясының шекаралас облыстарының құқық қорғау органдары және арнаулы қызметтерімен, халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-әрекет және ынтымақтастықты нығайту жөнінде жұмыс дамып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында қол жеткізілген оң нәтижелермен қатар мынадай шешілмеген проблемалар да бар.

Біріншіден, заңнамалық актілердегі құқықтық олқылықтар мен сілтеме нормаларының едәуір санының болуы мемлекеттік органдардың жекелеген лауазымды адамдарға негізделмеген кең өкілеттіктер беретін ведомстволық актілерді қабылдауына мүмкіндік береді. Бірінші кезекте толықтырулар мен өзгерістер енгізуді қажет ететін заңнамалық актілерге қазақстан Республикасының Жер кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Лицензиялау туралы" қазақстан Республикасының заңдары мен рұқсаттар беруді регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді жатқызуға болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді халықаралық шарттармен және келісімдермен одан әрі біріздендіру талап етіледі.

Екіншіден, әкімшілік рәсімдерді, ең алдымен, салық және кеден ережелерін одан әрі жеңілдету қажет. Сыбайлас жемқорлықты азайту үшін олар қарапайым, анық және жалпыға белгілі болуы қажет. Ақпарат пен құжаттамаға қойылатын талаптарды ең төменгі деңгейге жеткізу қажет.

Әкімшілік рәсімдерді жетілдіру лауазымды тұлғалар мен клиенттердің жеке байланысын шектеуге, сондай-ақ белгіленген есептілік нысандары мен санкциялардың қысқаруына әкелуге тиіс.

Үшіншіден, адам ресурстарын басқару тиімділігінің жетіспеуі орын алуда. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының сот практикасын талдау кінәлілердің көпшілігі төменгі буындағы мемлекеттік қызметшілер екенін көрсетіп отыр. Олардың жалақысының деңгейі мен әлеуметтік қорғаумауы сыбайлас жемқорлықтың экономикалық алғышарттарын жасайды.

Бұл мемлекеттік секторда жұмыс істейтіндерге жоғары кәсіби талаптарды белгілеуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің іскерлік қабілеті мен кәсібилігін объективті әрі алаламай бағалауға негізделген еңбекақы төлеу мен қызметте жоғарылату жүйесін енгізуге мүмкіндік беретін шаралар кешенін енгізуді көздейді.

Төртіншіден, мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері мониторингі жоқ. Сыбайлас жемқорлық факторлары мен тетіктерін қадағалау, оның деңгейі мен құрылымын бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін талдау қажеттігі оны енгізуді талап етеді.

Мұндай бағалау сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу мақсатында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылаудың енгізілетін жүйелері үшін негіз болады.

Бесіншіден, соңғы жылдар тәжірибесі мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мәселелерінде азаматтық қоғамның белсенділігі мен хабардарлығының қажетті деңгейінің болмауын көрсетуде. Осыған байланысты осы Бағдарламаны іске асыруда азаматтық қоғам институттары қатысуының тетіктерін жасау талап етіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес барысы туралы жұртшылықты хабардар етудің жалпы қолжетімді және тиімді рәсімдерін енгізудің маңызы да кем емес.

Алтыншыдан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың деңгейі жеткіліксіз. Осыған байланысты құқық қорғау органдарының халықаралық ынтымақтастық нысандарын кеңейту және қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заңға қайшы жолмен алынған ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі халықаралық конвенцияларға қосылуы жөніндегі жұмысты жандандыру қажет.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының қызметін үйлестірудің тиімділігін жетілдіру арқылы қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту, сондай-ақ мемлекеттік қызметте істейтін лауазымдық тұлғалардың, басқа да қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды мұқият орындауға жауапкершілігін арттыру Бағдарламаның мақсаты болады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет: азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және жолын

кесу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;  
азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасасу;  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау және іске асыруда  
бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыру;  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатқа халықтың қатысуын кеңінен  
қамтамасыз ету.

## **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат өмірдің түрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын және мемлекеттік қызметшіні сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға итермелеп, мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды барынша азайту жөніндегі мемлекеттің және қоғамның жан-жақты және дәйекті шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді.

Сыбайлас жемқорлықтық саяси тұрғыдан қарағанда баға беруге өте ауыр, саясаттық мақсаттың жалпы ұлттық даму жолынан ауытқуы күшейеді, өкіметке сенім төмендейді, оның қабылдаған шараларының орындалуы нашарлайды.

Дегенмен, ұсынылып отырған негізгі бағыттар толымды болып саналмайтынын ескеру керек. Олар тек жекелеген іс-шараларды жүзеге асыру бойынша ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық құбылысын, оның себептерін, сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің салдарын терең талдау, тура және жанама экономикалық және басқа шығындарды салиқалы және объективті бағалаудың нәтижелері ескеріле отырып түзетілуі қажет.

1-кезеңде (2006-2008 жылдар) мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауының ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралары іске асырылатын, мемлекеттік басқару органдарының рұқсат беру және әкімшілік өкілеттіктерін оңтайландыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың электрондық нысандары жүйесіне өту негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау процестері аяқталатын, мүдделерге қолдау көрсету және лауазымды тұлғалардың функционалдық міндеттерін орындауы кезінде олардың мүдделері қақтығысының алдын алу процестерін құқықтық реттеу енгізілетін болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке азаматтық қоғам ұйымдарын тарту процестеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы саласында құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ерекше көңіл бөлінетін болады.

2-кезеңде (2009-2010 жылдар) нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізудің тиімді тетігін енгізуді, бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылау жүйесін құруды, азаматтық қоғам институттарына жекелеген рұқсат беру функцияларын беруді, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын барынша қысқарту және заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар енгізуді аяқтау көзделген. Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілері өзара іс-қимылының нысандары



мен тетіктерін, сондай-ақ сот шешімдерін қабылдаудың ашықтығына және олардың уақтылы орындалуына жәрдемдесетін рәсімдерді нақты құқықтық регламенттеу жүзеге асырылатын болады.

### **5.1. Азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету**

Алға қойған міндетті іске асыру үшін:

электрондық мемлекеттік қызметтерді енгізу жолымен азаматтарға және ұйымдарға қызметтер көрсетудің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту және мемлекеттік электрондық деректер базасына қол жеткізуді қамтамасыз ету;

сот шешімдерін қабылдаудың ашықтығына және олардың уақтылы орындалуына жәрдемдесетін рәсімдерді енгізу;

бюджетті әзірлеу мен оның атқарылуының ашықтығын, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қаражатты бөлу және пайдалану туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін құқықтық және әкімшілік тетіктерді дамыту;

азаматтық қоғам институттарына бірқатар арнайы рұқсат беру функцияларын дәйекті түрде беруді қамтамасыз ету;

жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуді нақты құқықтық регламенттеуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

мемлекеттік органдардың қызметтер ұсыну ережелерін әзірлеу;

сыбайлас жемқорлық көріністері мен мемлекеттік қызметшілер мүдделерінің қақтығысының алдын алу үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылау жүйесін құру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы саласында құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің қалыптасуы жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету қажет.

### **5.2. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру**

Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:

мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктері мен рұқсат беру функцияларының қосарлануына және негізсіз кеңейтілуіне әкелетін нормаларды алып тастау;

мемлекеттік қызметте лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алуды құқықтық реттеуді жетілдіру;

мемлекеттік билік органдарының шешімдер қабылдау процесінің ақпараттық ашықтығын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін құқықтық жағдайлар жасау;

мемлекеттік басқару органдарының қызметіне қоғамдық әсер ету тетіктерін енгізу;

Қазақстан Республикасы заңнамасының халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-іс жүргізу кодексіне, қылмыстық кодекске, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

алдымен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін өзгертуді көздейтін немесе азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті сараптама белгілеу;

ақпарат көздерінің құпиялылығын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы ақпаратты хабарлайтын куәлар мен адамдарды қорғау институтын нығайту.

### **5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нысандарын, әдістерін және құралдарын оңтайландыру**

Алға қойған міндетке қол жеткізу мыналар арқылы қамтамасыз етіледі: мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін дамыту және олардың алдын алу практикаларының тиімді түрлерімен алмасу;

мемлекеттік сатып алудың электрондық нысандарын енгізу нәтижесінде шешімдер қабылдаудың ашықтығы, бәсекеге қабілеттілігі және объективтілігі қағидаттары негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау;

салық салу практикасын жетілдіру негізінде "көлеңкелі" экономиканың көлемін қысқарту;

ұлттық компаниялардағы бейінді емес активтерді жою; мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын қысқарту; банктің төлем карточкаларын қолдану арқылы тауарлар мен қызметтер үшін электрондық есеп айырысу жүйесіне көшу нәтижесінде ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын қысқарту жөніндегі ұйымдық-әкімшілік шараларды енгізу;

саяси партиялар мен сайлау науқандарын қаржыландырудың барынша ашықтығын қамтамасыз ететін тетіктерді жасау;

капиталды заңсыз әкетуді, заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражатты және өзге де мүлікті заңдастыруды анықтау және оның жолын кесу жөнінде қабылданатын шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету.

### **5.4. Азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау**

Азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау үшін: сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке тартылған азаматтық қоғам субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету;

кәсіпкерлер бірлестіктерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың жүргізілуіне қатысуын қамтамасыз ету;

азаматтық қоғам институттарын мемлекеттік басқару органдары қызметіндегі

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, тазалықты, ашықтықты және адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа тарту;

халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру мен мемлекеттік органдардағы және қоғамдық институттардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті танымал етуге бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы қажет.

### **5.5. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастығын кеңейту және жандандыру**

О с ы м і н д е т т і ш е ш у :

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы халықаралық шарттарды жасасуды; сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушыларды анықтау, ескерту және болдырмау мақсатында бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру үшін қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтері басқа шетел мемлекеттерімен өзара і с - э р е к е т ж а с а у д ы ;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы жөніндегі қызметі туралы халықаралық жұртшылықты хабардар ету үшін Интернетті кеңінен пайдалануды;

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, прокурорлардың, судьялардың және өзге де лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін мамандандырылған бірлескен зерделеуін қамтамасыз етуді;

сыбайлас жемқорлық қылмысқа араласқан кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлер туралы халықаралық ақпарат алмасуды жолға қоюды;

қылмыстық істер, адамдарды ұстап беру және активтерді қайтару бойынша өзара құқықтық көмек туралы, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет әдістерінде біліктілігін арттыруда жәрдем көрсету туралы келісімдерді жасасуды көздейді.

### **5.6. Бағдарламаны іске асыру тетігі**

Бағдарламаны орындау облыстық мәслихат шешімімен бекітілетін, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары арқылы жүзеге асырылатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты іс-қимыл жасамаған жағдайда, оның қанат жайып, жаңа жағдайларға икемделу дағдысы бар екендігі фактісін ескере отырып, барынша қысқа мерзімде сыбайлас жемқорлықтың ауқымын азайтуға мүмкіндік беретін біртұтас тетікті жасау, сондай-ақ мемлекеттің тұрақты қызмет ететін етене функциясы ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізу жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын тұжырымдау қажет. Бұл ретте іске асыру тетігінің жұмыс істеу тиімділігі едәуір дәрежеде азаматтық қоғам құрылымдары осы саясатты іске асыруға қаншалықты белсенді қатысатынына байланысты болады. Бұл шындық, себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі факторларға мемлекеттік билікті институционалдық, функционалдық және субстанционалдық ретке келтіру жатады.

Бағдарламаның іске асырылуын жалпы бақылау жасауды облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясы және облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі жүзеге асыратын болады.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларын орындау үшін ведомствоаралық топтар құрылуы мүмкін, олар белгіленген мерзімде есептерді ұсынуға тиіс және сапалы әрі уақтылы орындалуына жауапты болады.

Жоспар іс-шараларын уақытында және сапалы орындауға кедергі пайда болған жағдайда, орындаушылар облыс әкімі аппаратының мемлекеттік - құқықтық бөлімі арқылы облыс әкімдігіне оның орындау мерзімін өзгерту немесе орындауға болмайтыны туралы ұсыныс енгізеді. Мемлекеттік-құқықтық бөлім әкімдіктің қаулысының жобасын әзірлеп, оны облыстық мәслихаттың сессиясына енгізеді.

Бағдарламаның іс-шараларын орындауға жауапты мемлекеттік органдар жұмыс барысы туралы есептерді облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөліміне ұсынады, ол бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жиынтық ақпаратты қорытындылап, кейін Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігіне, қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және тиісті орталық органдарға жібереді.

## **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

Қаржы шығындарын қажет ететін бағдарламаның іс-шараларын іске асыру әрбір мемлекеттік органға тиісті жылға бөлінген сомасы шегінде республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінде қарастырылған.

## **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаның кезең-кезеңмен іске асырылуы:

бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар):

елімізде әлеуметтік және саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтуды; мемлекеттік басқару органдарының рұқсат беру және әкімшілік өкілеттіліктерін оңтайландыруды;

азаматтық қоғамның мемлекеттік билікке сенімінің артуын;

азаматтардың сыбайлас жемқорлықтан қорғаушылық деңгейін арттыруды;

қоғам мен билік, бизнес пен билік арасындағы диалогты кеңейтуді және тереңдетуді

;

сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратқа билік органдарының және лауазымды тұлғалардың міндетті түрде жедел ден қоюын;

қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты одан әрі дамытуды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті танымал етуді;

көлеңкелі экономиканың ауқымын қысқартуды;

екінші кезеңде (2009-2010 жылдар):

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізуде үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің белсенділігінің өсуін;

экономиканың одан әрі өсуі және инвестициялық ахуалды жақсарту үшін жағдай ж а с а у д ы ;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты к е ң е й т у д і ;

мемлекеттің халықаралық аренадағы беделін нығайтуды қамтамасыз етеді.

## **8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары <\*>**

*Ескерту. Бағдарламасының 8-бөлімінің 24-1 тармақпен толықтырылды, 32-тармақ алынып тасталды - Қостанай облыстық мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі N 459 шешімімен.*

Р/с №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
<b>1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске құқықтық базаны жетілдіру</b>						
